

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІ ОРНАЛАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІ ЭКСТЕРЬЕРЛІК ОРНАЛАСТЫРУ

Орналастырылады: ғимаратқа кіреберістің күнқағарында (бар болса) және маңдайшасында - ЕЛТАҢБА, төбесінде - ТУ. Қолданылады: ТУ таза ауада қолдануға арналған, ЕЛТАҢБА - көлемді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын бір қабатты және (немесе) көп қабатты ғимараттарда экстерьерлік нұсқада орналастыру кезінде ғимараттың сәулеттік ерекшеліктері ескеріледі.

- бір қабатты ғимараттың кіре берісіндегі күнқағарында: ТУ - 1 x 2 м., ЕЛТАҢБА - D 500 мм.

- 2-5 қабатты (20 м дейін) ғимараттарда жоғарғы қабаттың жабындысында: ТУ-1 x 2 м., ЕЛТАҢБА - D 1000-1500 мм.

- 6-9 қабатты ғимараттарда (30 м дейін)

жоғарғы қабаттың жабындысында: ТУ - 1,5 x 3-2 x 4 м, ЕЛТАҢБА - D 2000 мм.

ғимаратқа кіре берістегі күнқағарында: ТУ - 1 x 2 м., ЕЛТАҢБА - D 500 мм.

- 9 қабаттан жоғары (30 м жоғары) ғимараттарда

жоғарғы қабаттың жабындысында: ТУ - 2 x 4 м және одан жоғары, ЕЛТАҢБА - D 3000 мм.

ғимаратқа кіре берістегі күнқағарында: ТУ - 1 x 2 м., ЕЛТАҢБА - D 500 мм.

Білім беру ұйымдарында мемлекеттік рәміздерді орналастыру

- жоғары оқу орындарының ғимараттарында тұрақты орналастырылады:

ТУ: ғимараттың қабатына байланысты таңдалады (жоғарғы қабаттың жабындысында).

ЕЛТАҢБА: ғимараттың қабатына байланысты таңдалады (жоғарғы қабаттың жабындысында).

- мектепке дейінгі және жалпы білім беру мекемелерінің ғимараттарында:

ТУ: ҚР Ұлттық мереке күні және басқа да мереке күндері орнатылады.

ЕЛТАҢБА: қолданылмайды.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІ ИНТЕРЬЕРЛІК ОРНАЛАСТЫРУ

Қолданылады: ТУ - ұшы бар кабинеттік.

ЕЛТАҢБА - көлемді.

Үй ішінде бейнелеме

- патриоттық бұрыштарды безендіру үшін орналастырылады:

ТУ/ЖАЛАУ: тұғыр мен ұштары бар төсеммен бірге келетін жиынтықта матаның көлеміне пропорционалды арақатынаста орындалған сап пайдаланылады.

ЕЛТАҢБА: көлемді өнім қолданылады.

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері бейнеленген және сипатталған стендтерді рәсімдеу үшін:

баспа полиграфиялық өнімімен рәсімделеді.

- басшының кабинетінде

ТУ/ЖАЛАУ: тұғыр мен ұштары бар төсеммен бірге келетін жиынтықта матаның көлеміне пропорционалды арақатынаста орындалған сап пайдаланылады. Матадағы бейнені қолдану аппликация және кестелеу әдісі арқылы шашақтарды қолдана отыра мүмкін болады.

ЕЛТАҢБА: көлемді өнім қолданылады.

- отырыс залдарында

ТУ мен ЕЛТАҢБАНЫҢ өлшемдері бөлмедегі төбенің биіктігіне байланысты таңдалады.

Мінбелерде өлшемі 250 мм болатын көлемді ЕЛТАҢБА қолданылады.